



Бекітемін:  
Менгеруші м. а. Жаденова Ж. Ж.

Батыс Қазақстан облыстық әкімдігі  
білім басқармасының Орал қалалық  
білім беру бөлімінің  
№35 «Шұғыла» МКҚК бөбекжайы

Келісемін:   
Әдіскер: Калдышева Н. З

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі  
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде музыка пәні бойынша  
2023- 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс- әрекеттің перспективалық  
жоспары

«Айгөлек» кіші топ

Музыка жетекшісі: Бурмуханбетова А Н

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде музыка пәні бойынша 2023- 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс- әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы №35 «Шұғыла» бөбекжайы

Тобы: «Айгөлек»

Баланың аты жөні:


Баланың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек

Ұйымдастырылған іс – әрекет: Музыка

Қыркүйек	<p><b>Музыка тыңдау:</b> музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;</p> <p><b>Ән айту:</b> ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айтуға талпындыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасай алуға, пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу) үйрету.</p>
Қазан	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Әннің мағынасын түсінуге үйрету, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратуға үйрету</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру;</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру қарапайым би қимылдары: қол шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелеуге үйрету;</p>
Қараша	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>Ән айту:</b> Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айтуға талпындыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып қимылдар жасау; жаттығулар мен билерде сүйемелдейтін музыканың қарама-қарсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам) бір қимылдардан басқаларына ауысуға үйрету;</p>
Желтоқсан	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдау үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру және оның кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге сәйкес ойынның бір кезеңінен келесісіне өтуге үйрету.;</p>
Қаңтар	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру;</p> <p><b>Ән айту:</b> Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану, күрделі</p>

	<p>емес қимылдар бірізділігін есте сақтау қабілеттерін дамыту</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қол қимылдарын: "шәпәләк - шәпәләк", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау, денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, колдарды сермеу, шеңбер бойымен жүруге үйрету</p>
Ақпан	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу;</p> <p><b>Ән айту:</b> Әнді тыңдап, мағынасын түсіну, созылыққы дыбысталуға еліктей отырып ересектермен қосылып ән айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; музыкалық-ырғақты қимылдарды: кезекпен аяқты ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүруге үйрету</p>
Наурыз	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Ән айту:</b> Әннің сөздері мен жеке буындарды ересек адаммен бірге айтуға үйрету</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу; таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтауға, қайталауға үйрету</p>
Сәуір	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыканың ауыспалы кезеңдерін тыңдауға, музыканың жай және қатты дыбысталуын ажыратуға дағдыландыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айтуда жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпындыру (ересектердің қатысуымен)</p>
Мамыр	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Түрлі аспаптарда педагогтің орындауындағы және ұнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдауға дағдыландыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Педагогтің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды дұрыс айтуға үйрету</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Түрлі аспаптарда педагогтің орындауындағы және ұнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдау, таныс әндерді қосылып айту, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысуға бағыттау.</p>



Немірленген және тігілген 1  
бастап 2 дейін бет.  
Беттер саны 2 күні 31.08.20  
№35 «Шұғыла» МККК бөбегі  
менгерушісі ма Азрет Жадено

